

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР

Жоғары білім беру мен ғылым саласындағы халықаралық бағдарламалар:

- білім алушылардың шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып, ғылыми тағылымдамалардан өтуіне;

- профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығын жүзеге асырып, олардың шетелдік тәжірибеге ие болуына;

- ғалымдардың үздік шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтіп, зерттеу жұмыстарымен айналысуына және масштабты ғылыми жобаларды бірлесіп дайындауына;

- жоғары оқу орындары арасында білім беру мен зерттеу процесін басқаруда үздіксіз тәжірибе алмасуға;

- университеттердің халықаралық деңгейдегі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып, бірлесіп мамандар дайындауына үлкен мүмкіндіктер береді.